

**Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 19 мамырдағы № 173 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 мамырда № 22807 болып тіркелді.

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-3-бабының 7-3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің м.а. 27.12.2021 № 423 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық даму  
министрінің міндетін атқарушы*

*К. Ойшыбаев*

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық  
даму министрінің  
2021 жылғы 19 мамырдағы

## Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесі

Ескерту. Әдістеме жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің м.а. 27.12.2021 № 423 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесі (бұдан әрі – Үлгілік әдістеме) "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-3-бабының 7-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау алгоритмін белгілейді.

2. Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құны (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет) бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасына қарай айқындалады.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін  $P_n = V_n \times V \times K_q$  формуласы бойынша, онда:

$P_n$  (р/с/е) – қосылған құн салығын ескере отырып, газеттердегі көрсетілетін қызмет құны;

$V_n$  – газетте орналастырылатын бір см<sup>2</sup> көрсетілетін қызметтің базалық бағасы;

$V$  – газетте орналастырылатын, см<sup>2</sup> - мен есептелетін көрсетілетін қызмет көлемі;

$K_q$  – газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін – 1,3;

100 000 данаға дейін – 1,15;

50 000 данаға дейін – 1;

30 000 данаға дейін – 0,9;

20 000 данаға дейін – 0,8;

10 000 данаға дейін – 0,65;

5 000 данаға дейін – 0,5;

2) журналдар үшін  $P_m = V_m \times V \times K_q$  формуласы бойынша, онда:

$P_m$  (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, журналдардағы көрсетілетін қызмет құны;

$V_m$  – журналда орналастырылатын бір см<sup>2</sup> көрсетілетін қызмет үшін базалық баға;

$V$  – см<sup>2</sup> есептелетін журналда орналастырылатын көрсетілетін қызмет көлемі;

$K_q$  – журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін – 1,2;

10 000 данаға дейін – 1,1;

8 000 данаға дейін – 1;

5 000 данаға дейін – 0,9;

3 000 данаға дейін – 0,8;

1 000 данаға дейін – 0,7.

4. Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны  $P_i = V_i \times V \times K_q$  формуласы бойынша айқындалады, онда:

$P_i$  (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны;

$V_i$  – интернет-ресурста көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секундiнiң, минутының, данасының базалық бағасы;

$V$  – интернет-ресурста көрсетілетін қызметтің символдармен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

$K_q$  – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін – 1;

айына 1 000 000 кірушіге дейін – 1,1;

айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;

айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;

айына 5 000 000 кірушіден жоғары – 1,4.

5. Телевизияда көрсетілетін қызметтің құны  $P_{tv} = B_{tv} \times V$  формуласы бойынша айқындалады, онда:

$P_{tv}$  (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, теледидардағы көрсетілетін қызметтің құны;

$B_{tv}$  – телевизияда көрсетілетін қызметтердің бір секундiнiң, минутының, сериясының базалық бағасы;

$V$  – телевизияда көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көлемі

Егер мемлекеттік ақпараттық тапсырысты қалыптастыру кезінде телевизиялық бағдарламалардың жанрлары бойынша бөлінулер ескерілмеген жағдайда, телевизиялық бағдарламаларды өндіру және орналастыру құны базалық ( $B_{tv}$ ) болады.

6. Радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны  $P_r = B_r \times V$  формуласы бойынша айқындалады, онда:

$P_r$  (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны;

$B_r$  – радиоарнада көрсетілетін қызметтердің бір секундiнiң, минутының базалық бағасы;

$V$  – радиоарнада көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлемі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ